

Ақсуат ауылдық округінің Ақсуат ауылындағы атауы жоқ көшелерге атауларын беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ақсуат ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 13 ақпандағы № 20 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 ақпанда № 6731 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 - бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып Ақсуат ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Тарбағатай ауданы Ақсуат ауылдық округінің Ақсуат ауылындағы атауы жоқ көшелеріне – "Төлеухан Қуатжанов", "Мауытхан Сыдықов", "Қабдрахман Оразалин" атаулары берілсін.

2. "Ақсуат ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Тарбағатай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсуат ауылдық округінің әкімі

Г. Нугиев